



Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы Деркөл кентінің Ветелки шағын ауданына қайта атау беру туралы

Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы Деркөл кенті әкімінің 2023 жылғы 9 ақпандағы № 3 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 15 ақпанда № 7116-07 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік – аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 4) тармақшасына сәйкес, Деркөл кенті халқының пікірін ескере отырып және Батыс Қазақстан облыстық ономастика комиссиясының 2021 жылғы 28 желтоқсандағы қорытындысы негізінде **ШЕШТІМ:**

1. Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы Деркөл кентінің Ветелки шағын ауданы Ынтымақ шағын ауданы болып қайта аталсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

Ж. Жумағалиев